

## Тұрсынханның үш ұлы

Баяғы заманда Тұрсынхан деген кісінің үш баласы бар екен. Үшеуі де өнерпаз, шешендігімен «Тұрсынханның үш шешені» атаныпты. Тұрсынханның есігінің алдында екпе бәйтерегі бар екен. Сол бәйтеректің ішін ойып, ат басындай алтын тығып қояды. Оны өзінен басқа ешкім білмейді.

Тұрсынхан өлер алдында балаларын шақырып алып:

– Балаларым, енді мен өлемін, сендерге айтатыным: есік алдындағы бәйтеректің түбіне ат басындай алтын тықтым. Сол алтынды қашан қолдарыңнан мал кеткенде, әбден ішерге тамақ, киерге киім, мінерге ат таба алмағандарыңда, бір қолдарың екеу болып көрінгенде алып, күндеріңді көріндер! – деп, жүз бір жасында қайтыс болыпты.

Үш баласы бәйтеректің түбіндегі алтынды күнде қарап, бағып жүреді. Бір күні бәйтеректі келіп қараса, алтын жоқ. Біреу ұрлап кетіпті. Үшеуі кім алғанын білмейді. Әрі ойлап, бері ойлап, еліндегі ханға жүгініске барады үшеуі.

Ол хан сондай тапқыр, ақылды екен. Егер өзі білмесе, жұрттан асқан сұлу қызы сөз тауып, талай адамдарды даудан құтқарған екен. Ағайынды жігіттер ханға барып отырады. Сол уақытта үлкені екі інісіне сыбырлап:

– Бұл хан осы жердің бұрынғы ханын өлтіріп, орнына өзі хан болған екен. Жеті атасынан хан емес екен, – дейді.

– Апыр-ай, оны қайдан білдің? – дейді інісі.

– Білдім, жаңа біз сәлем бергенде, басын төмен салып, төмен қарап тұрып алды, атақты хан болса, жоғары қарап алар еді. Онысы өзіне жаман көрінеді. Сондықтан сәлемді төмен қарап алды, – дейді.

Хан үшеуіне ас келтіреді. Оны жеп болған соң, біраз отырып ағасы былай дейді:

## *Turszinhán három fia*

Réges-régen élt egy Turszinhán nevű ember és annak három fia. Mind a három fiú felért egy-egy ezermesterrel, és mivel jól tudtak beszélni „Turszinhán három szónoka”-ként emlegették őket. A család háza előtt állt egy tölgyfa, az apa titokban kivájta a belsejét, és egy lófej nagyságú aranyrögöt dugott el benne. Erről senki sem tudott rajta kívül.

Turszinhán halála előtt hívatta a fiait:

– Fiaim, én most meghalok, de előtte még el akarom nektek mondani, hogy az ajtó előtti tölgyfa törzsébe egy lófej nagyságú aranyat rejtettem el. Azt az aranyat csak akkor vegyétek elő, amikor a vagyonotok elfogyott, már nincs mit ennetek, nincs ruhátok, amit felvegyetek, nincs lovatok, amelyet megülhetnétek, és már szemetek sem lát tisztán – mondta, és ezzel százegyéves korában itthagya e világot.

A három fiú a tölgyfa törzsében levő aranyat minden nap megnézte, folyton szemmel tartották. Egy nap, amikor mentek megnézni, látják ám, hogy az arany eltűnt. Valaki ellopta, de egyikük sem tudta, hogy ki volt az. Jól meghányták-vetették a dolgot, és végül az ország urához, a kánhoz fordultak igazságszolgáltatásért.

Ez a kán nagyon okos és éleseszű volt. Ha maga mégsem tudott volna ítélni, a rendkívüli szépségű lányához fordult, hogy segítsen megoldást találni, és így rengeteg embert mentett meg a pereskedéstől. A testvérek tehát elmentek a kánhoz. Akkor a legnagyobb fiú ezt súgta két öccsének:

– Ez a kán az ország előző kánját megölte, és maga lett a kán. Születése szerint nem kán, mivel hét felmenője sem az – mondta.

– Hajjaj, te ezt honnan tudod? – kérdezte az egyik testvér.

– Tudom, mert amikor mi köszöntöttük őt, a fejét lehajtotta, és lefelé nézve fogadta. Ha híres kán lenne, felfelé nézve fogadta volna. Ez nem illik hozzá – mondta.

A kán mindhármójuknak ételt hozatott. Miután azt megették, egy

– Осы ханның бізге берген палауында бір иіс бар, сірә, өлген адамның топырағына еккен зат па, жоқ болмаса, өлген адамның еті ме? – дейді.

Тағы кіші інісі былай дейді:

– Ханның бізге берген еті иттің еті екен. Бағана ет жегенде, иттің иісі шығып тұрды, – дейді.

Бұл үшеуінің сөзін ханның құлы естиді де:

– Ойбай, қонақтарың осындай сөздер айтып отыр, – деп, ханға айтады. Хан ол сөздерді ести сала шешесін, күріш егушіні, қойшыны – үшеуін шақырады.

Шешесіне былай дейді:

– Мыналар мені: «Жеті атасынан хан емес», – дейді, сол рас па? Шешесі ойланып отырып:

– Ол рас еді. Сенің әкең Ораз деген кісі еді. Ол жақсы, батыр адам еді. Бір жылдары осы елдің ханына өштесіп жүреді де, көп жолаушы бара жатқанында жолда өлтіріп, орнына өзі хан болып, артынан оның орнына сен болғансың, – дейді.

Күріш егуші былай дейді:

– Ол күрішті анау тұрған көп бейітті айландыра жыртып едік, моладағы адам сүйегінің шашылып жатқандары бар еді. Олардың айтқаны рас болса болар, – дейді.

Сонда қойшы былай дейді:

– Ана жылдар қойлар арамза қоздап, енесі сүт бермеді, қозы өлетін болды, сонда қозыға ит емізіп едік, – дейді. Сол жерде хан не айтарын білмей сасып, қызына барады. Барысымен болған уақиғалардың бәрін айтады.

– Әке, саспа, ол адамдарды маған жібер! – дейді қызы. Содан кейін үшеуін хан қызының сарайына алып барады. Қыз қонақтарды күтіп болған соң:

– Әңгіме айтыңыздар! – дейді.

– Сіз айтыңыз! – дейді үшеуі.

– Мен айтсам айтайын, – деп қыз әңгімеге кіріседі.

«Баяғыда бір хан қызы бар еді, өзі асқан данышпан адам еді. Оны бір күні байдың баласы алады.

kicsit üldögéltek, majd a báty ismét suttogni kezdett:

– A piláf, amit a kántól kaptunk, rossz szagú volt, vagy halott ember földjébe vetették a rizst, vagy halott ember húsát rakták bele – mondta a testvéreinek.

Az öccse is megtoldotta:

– A kántól kapott piláfban kutyahús volt, és evés közben a kutya szagát éreztük – mondta.

Hármójuk beszélgetését meghallotta a kán szolgája:

– Jaj, micsoda dolgokat mondanak ezek a vendégek, – és elmesélt mindent a kánnak.

Ő ezeket a szavakat meghallva hívatta az anyját, a rizs termesztőjét és a juhászát. Így szólt az anyjához:

– Ezek kételkednek abban, hogy felmenő hét őszám kán volt, igazuk van?

Az anyja elgondolkozott, majd így szólt:

– Igen, igazuk van. A te apád egy Oraz nevű ember volt. Jó és bátor férfi. Egy időben ennek a vidéknek a kánjával ellenségek voltak, és amikor ez a kán egyszer úton volt társaival, útközben megölte, helyette ő lett a kán, és utána pedig te következted.

A rizstermesztő pedig ezt mondta:

– Egy temető sok sírját körös-körül felszántottuk, néhány csontváz szétszóródhatott. A rizs abban a földben termett. Lehet, hogy igaz, amit a fiúk állítanak.

Végül a juhász így szólt:

– Ezekben az években a juhok ellettek ugyan bárányokat, de nem szoptatták őket. A bárányok így elpusztultak volna, úgyhogy a bárányokat kutyákkal szoptattuk. Akkor a kán nem tudta, mit is mondjon, elment hát a lányához, és elbeszélte neki a történeteket.

– Apa, ne aggódj, küldd hozzám azokat az embereket! – mondta a lány. A három fiú pedig elment a kán lányának a palotájába. Miután vendégül látta őket, a lány így szólt:

– Meséljtek egy történetet!

– Meséljen Ön! – válaszolta a három fiú.

– Rendben van, akkor majd mesélek én – mondta a lány, és belekez-

Әлгі қыз бір күні сейілге шығады, қасында нөкерлері бар. Сейілде жүріп, бір кезде жеміс егісіне келеді. Танысып, ағаш аралап жүріп, қыз таңдаған жемісін алғызып жеп жүреді.

Бір жерге келіп, қыз бағбанға:

– Ана бір жемісіңізді беріңіз, – дейді.

– Менің сұрағанымды берсең, әперейін, – дейді жемісші.

– Жарайды, айт сұрағаныңды, – дейді қыз.

– Әкең сені бір байдың ұлына берген еді, сол енді келеді. Ол келетін күннен бір күн бұрын маған келіп жолығып кетсең болады, – дейді жемісші.

– Жарайды, – деп, қыз жемісті алып кетеді.

Сол күні кешке жақын күйеу қалыңдық ойнауға келеді. Жеңгелері қызды күйеуге апарды. Қыз күйеуінің жанына барып отыра беріп:

– Ойбай! – деп, жамбасын бір салады.

Оған күйеу:

– Оның қалай, неменеге өкіндің, жамбасыңды ұрғаның не? – деп сұрайды.

Қыз:

– Бір жерге бір адам пәлен күні кел! – деп еді, мен соған бара алмай ұмытып кетіппін, сол жаңа есіме түсіп отырғаны, сізден рұқсат болса, барамын да келемін, – депті қыз.

– Е, ондай болса, «Уағдаға – опа», – деген, барып кел! – деп, күйеу қалыңдығын жіберген екен. Қыз кетіп бара жатқанда, жолда үш ұры ұстап алады. Қыз барлық сырын айтқан соң, ұрылар да еш нәрсесіне тимей қызды қоя береді. Қыз сол бетімен жемісшіге барады. Жемісші келгеніне разы болып:

– Жарайды, рақмет сізге? Еш қиянат қылмаймын. Үйіңізге барыңыз. Сізді кел деген себебім күйеуіңізді сынайын деп едім, – деп, қызды қоя береді.

– Міне, әңгіме айт десеңіздер, осылардың қайсысы жомарт, табыңыздар, – дейді қыз. Үшеуі ойланысып отырады да үлкені:

– Бұның күйеуі жомарт. Өзі қалыңдығына кеп отырып, менің біреуде жұмысым бар еді дегеніне жіберіп отырған күйеуінен

dett egy történetbe:

„Réges-régen élt egy kán, akinek a lánya fölöttébb bölcs volt, és egy gazdag ember fiának ígérték a kezét. Ez a lány egy nap sétálni indult kíséretével, mignem elérkezett egy gyümölcsös kertbe. Ismerkedett a kerttel, járkált a fák között, leszedette a gyümölcsöt, ami megtetszett neki, és megette. Amikor az egyik helyre ért megkérte a kertészt:

– Add nekem azt a gyümölcsöt!

– Ha teljesíted a kérésemet, odaadom – válaszolta a kertész.

– Rendben, mondd a kérésemet – egyezett bele a lány.

– Az apád téged egy gazdag ember fiának ígért, eljött az idő, hogy beváltsa az ígéretét. Egy nappal azelőtt gyere el hozzám, látogass meg – mondta a kertész.

– Rendben – válaszolta a lány, és megkapta a gyümölcsöt.

Egy nap estefelé találkozni készült a menyasszony és a vőlegény. A sógornője vitte a lányt a jövődöbelijéhez, aki leült a fiú mellé:

– Jaj! – kiáltotta, és a combjára ütött.

– Mi a baj, mi bánt? Miért ütöttél a combodra? – kérdezte a vőlegény.

– Mondta nekem valaki, hogy ezen a napon menjek el hozzá. Megfeledkeztem róla, hogy el kell mennem, de most eszembe jutott. Ha megengedi, elmegyek hozzá, és sietek vissza – mondta a lány.

– Az ígéret szent. Akkor menj, és siess vissza! – mondta a vőlegény, és elengedte. A lányt útközben a kertészhez három útonálló elfogta. A lány mindent elmondott nekik, a rablók egy ujjal sem nyúltak hozzá, elengedték. A lány folytatta útját a gyümölcsös felé. A kertész elégedett volt, amikor meglátta:

– Köszönöm hogy eljöttél, nem akarok neked rosszat. Menj nyugodtan haza. Csak azért kértem, hogy gyere el hozzám, hogy a vőlegényedet próbára tegyem – mondta a fiú, és elengedte a lányt.”

– Íme, ez volt a történet. Találjátok ki, hogy a szereplők közül melyikük volt nagylelkű – mondta a lány. Mindhárom fiú eltűnődött, majd így szólt a legidősebb:

– A vőlegény volt a nagylelkű. A menyasszonyáért jött, de amikor ő azt mondta, hogy dolga van valakivel, elengedte. Aki ilyet tesz, annál

жомарт ешкім жоқ, – дейді.

Ортаншысы айтады:

– Жоқ, олай емес, жеміс егуші жомарт. Оның жемісі өзінің алдындағы малы, қыздың «әпер» дегенін әперіп, өзі «кел» дейді. Барған соң ешбір қастық істемей, қайта жіберген жеміс егуші жомарт, – дейді.

Ең кішісі айтады:

– Олай емес, ұрылар жомарт. Олар ұрлықпен күн көріп жүріп: «Қыз жалынды», – деп, қоя беріп жүрген ұрылар жомарт, – дейді.

Сонда қыз орнынан тұрып келіп, ең кішісінің білегінен ұстап:

– Ұры ұрының сөзін қуаттайды, алтынды ұрлаған сен екенсің, тап! – депті. Кішісі алтынды алғанын мойнына алып, қыз алтынды тапқызып, үшеуіне бірдей қас бөліп берген екен, – дейді.



nincs nagylelkűbb.

A középső fiú véleménye a következő volt:

– Nem, nem úgy van. A kertész a nagylelkű. A gyümölcse a legföltettebb kincse, mégis odaadta mikor a lány kérte tőle, és cserébe csak azt kívánta, hogy menjen el hozzá. Mikor pedig a lány elment hozzá, nem bántotta hanem hazaengedte. Ezért a kertész volt a nagylelkű.

A legkisebb így szólt:

– Nem úgy van. A rablók a nagylelkűek. Ők a fosztogatásból élnek, de amikor a lány könyörögni kezdett, elengedték. Ezért az útonállók a nagylelkűek.

Akkor a lány felállt a helyéről, és megfogta a legkisebb fiú csuklóját:

– A tolvaj a tolvajt pártfogolja, te loptad el az aranyat. Add elő nyomban – mondta.

A legkisebb fiú beismerte, hogy ellopta az aranyrögöt, és előhozta. A lány pedig három egyenlő részre osztotta a testvérek között.

